

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 6)


№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Бактериялық суспензияның лайлылығын анықтауға арналған мутномер (денситометр).	Өлшеу диапазоны: 0,00–15,00 McF Дисплей рұқсаттылығы: 0,01 McF Жарық көзі: жарықдиод (LED) Толқын ұзындығы (λ): 565 $\pm$ 15 нм Дәлдігі (0.0–6.0 McF): $\pm$ 3% Өлшеу уақыты: 1 с Үлгі көлемі: кемінде 2 мл Пробирка сыртқы диаметрі: 12 мм, 16 мм (А-12, А-16 адаптерлерімен) немесе 18 мм (адаптерсіз) Зауыттық калибровкаға қайту функциясы: бар Дисплей: сұйықкристалды (ЖК) Тәуелсіз қорек көзі: 3 $\times$ «АА» типті батареялар Өлшемдері (Ұ $\times$ Ен $\times$ Б): 165 $\times$ 115 $\times$ 75 мм Салмағы: 0,7 кг Тұтыну тогы / қуаты: 12 В, 7 мА / 0,1 Вт Сыртқы қуат көзі: кіріс AC 100–240 В, 50/60 Гц; шығыс DC 12 В	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры




А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 37 (отыз жеті) айды құрауы тиіс.

Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалып, келесі жұмыстарды қамтуы қажет:

- ресурсы таусылған құрамдас бөлшектерді ауыстыру;
- медициналық техниканың жекелеген бөлшектерін ауыстыру немесе қалпына келтіру;
- медициналық техниканы баптау және реттеу, сондай-ақ осы техника түріне тән арнайы жұмыстарды орындау;
- негізгі механизмдер мен тораптарды тазалау, майлау және қажет болған жағдайда қайта жинау;
- медициналық техниканың корпусы мен оның құрамдас бөліктерінің сыртқы және ішкі беттерінен шаң-тозаңды, кірді, коррозия мен тотығу іздерін жою (ішінара блоктық-тораптық бөлшектеуді қоса алғанда);

осы медициналық техника түріне тән, пайдалану құжаттамасында көрсетілген өзге де операцияларды орындау.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.